



Альбрехт Дюрер



Дүниеге келгені: 21 мамыр 1471,
Нюрнберг

Қайтыс болғаны: 1528

Неміс суретшісі, портрет жанрының шебері, ксилографияның еуропадағы қас шебері деп танылған, Қайта өрлеу дәуірінің ең үздік батысеуропалық шебері.







Альбрехт Германияға, Нидерландға, Италияға көп саяхат жасап, бұл елдердегі шеберлердің жетістіктерімен танысты. Ол неміс суретшілерінің ішінде дарынымен, терең білімділігімен, ізденімпаздығымен, мұрат айкындығымен көзге түсті. Дюрер суретші, инженер әрі сәулетші болды, көне тілдерге жетік әрі акын еді. Басу станогы табылғаннан кейін суреттерді көбейтуге және оларды көп адамның пайдалануына мүмкіндік туды. Суретшілер суретті ағашқа ойып жасады немесе оларды мыс пластинкаға қышқылмен түсірді, одан кейін оған бояу жағып, қағазға басты.

Дюрер аса үлкен портрет шеберлерінің бірі болды. Дюрердің таңдаулы гравюраларының бірі «Төрт салт атты» деп аталады. Онда тәңірдің жер бетіндегі адамзаттың үштен бірін жазалауға жіберген - Індет, Соғыс, Ашаршылық және Ажал кейпіндегі салт аттылар бейнеленген. Салт аттылар жолындағының бәрін таптап, қырып-жойып келеді. Қаланың бір бай әйелі мен священник ат тұяғының астында қалған. Бір жақта тозақ тажалы епископты жұтып жатыр. Аттылының біреуі садақ тартып, ал екіншісі жалаң семсермен жайпап барады. Көтерем аттың үстінде ақ шашы желбіреген ку сүйек шал - Ажал. Ажалдың қолында үш тармақты сүңгі. Аты ауыздығымен алысқан бір салт атты - нақ орта тұста. Оның жүзінен аянышты азап, өршіген өшпенділік, бұл тартпас құлшыныс аңғарылады. Қанатты періште салт аттыларға жол көрсетуде. Тәңір найзасы көкті тілгілеп, күн көзін түйдек-түйдек бұлт жапқан. Жер бетін түнек басқан. Жарқеткен сәуле нұрландырғандай осынау бейнелер қара түнектен айқын елес береді.






Әкесі ауыр да азапты тұрмыстан еңсесін бір көтере алмай кеткен екен. Ертеректе, 1455 жылы, "Жерұйық" — Венгриядан келсе керек. Содан осы қалада тұрақтап, үйелмелі - сүйелмелі он сегіз баланы асыраудың қамымен арып-ашып, жоқшылықта күн кешеді. Бірақ өзі де қара жаяу емес еді. Зергерлік өнері бар, ісмер кісі болыпты. Шама-шарқынша балаларының барлығында осы өнер жолына баулып, білгенің, көңілге түйгенін үйретіпті.

The background of the image is an abstract painting with vibrant, textured brushstrokes. It features a mix of green, blue, and red colors, with the red being particularly prominent on the right side. The overall effect is dynamic and artistic.

Сол он сегіз баланың ішінен Альбрехттің зейіні мен бейімі барлығын әке жүрегі ерте сезіп, оның талабына іштей сүйсінеді. Он үш жастағы зерек Альбрехт әке өсиеттерін бұлжытпай орындады, графика өнеріне ерекше назар аударды. Қолына түскен бор, көмір, қылқалам оның негізгі "ермегіне айналды". Болашақ суретшінің үй-үйдің қабырғаларындағы алуан-алуан тақырыпқа салынған суреттері көз сүрінетіндей болады. Оның салған суретін көрген жұрт сүйсінбей өте алмайтын.

Оның алтыннан, күмістен және басқа да асыл тастардан жасаған өрнектері, әшекейлі бұйымдары назар аударта бастайды. Алайда білікті маман, нағыз шебер болу үшін әке тәлімі аз еді. Білімін көтеріп, тәжірибе жинақтау үшін А. Дюрер 1486 жылы көрнекті өнер қайраткері Михаэль Вольгемут шеберханасына оқушы болып барады. Сонда өткізіген үш жыл үлкен үйрену мектебі, ізденіс жолы болды. Кейін осынау игілік жолын одан әрі жалғастырып, басқа да көптеген суретшілердің шығармашылығымен танысуға мүмкіндік алады. Саяхат Майндағы Франкфурт қаласынан басталды. Рейн өзенімен жоғары жүзіп Старсбург, Кольмар, Бозел қалаларын аралайды. Өзімен пікірлес көптеген достар табады. Төрт жылғы саяхат оған ұшан-теңіз білім береді. Ұстазы Вольгемут шеберханасында сурет салудың техникалық тәсілдері мен әр түрлі материалдарды пайдалануды үйренсе, Германияның басқа қалаларын аралау сапарынан адам анатомиясын зерттеп дене қимылдары механикасына зер салады, кітап басу ісіне, оны көркемдеу мәселелеріне ерекше назар аударады.




Ел аралау кезінде А.Дюрер салған суреттер сан жағынан аздау, саусақпен санағандай еді. Оларға "Автопортрет" (1484 жыл), "Әке портреті" (1486 жыл, екеуі де Вена қаласында), "Әулие Христос" (1486), "Адасқан ұл", "Ерлер моншасы" (1497), "Самсон", "Геркулес" (1498) және тағы басқа суреттер жатады. Кейіннен салған түрлі табиғат көріністері, хайуанаттар суреті — бұл туындылар Дюрердің аз уақыт ішінде нағыз қылқалам шебері болып қалыптасқанын, өз ерекшеліктері бар ойшыл суретші екенін танытқанды.




"Автопортрет
Т"



"Әке
портреті"



"Адасқан ұл"




"Ерлер моншасы"



"Самсон"



"Гер-үлке"





Дюрер таулы, аралы, көзімен шағылы, талайы жыр еткен ғаламат қала Венецияны оймен сарлайтын сәті 1494— 1495 жылдары ана түсе Табиғаттың ғажайып көрністерін сәулет өнерінің, қылқалам күдіреті классикалық үлгілерімен нысады. баспаханалардың жұмысын қысқартып Джованни Бельини, Карраччи, Мазетенья, Поллайоло туындылар шығарына анат, ойына шабыт береді. Осы олардан қайтып оралған соң, Дюрер ерекше шығармашылық шабытпен іске кіріседі.



Өнер тарихында Дюрер тек қана суретші ретінде ғана қалған жоқ. Бос уақытында ол мүсін, сәулет үлгілерімен де айналысты. Ғылымның қоғамдағы орнына айрықша назар аударып, суреткер Италия математиктерінің, Нюнберг астрономдарының күрделі еңбектерімен жан-жақты танысты, соғыс бекіністерін салу туралы арнаулы еңбек жазған инженер болды. "Пропорциялар туралы төрт кітап" атты трактаты суретшілердің тамаша өсиет кітабына айналды.



Альбрехт Дюрер 1528 жылы 6 сәуірде дүниеге салды. Содан бері 480 жылдай уақыт өтсе де, ұлы неміс суретшісінің есімі



дүниежүзілік мәдениет, өнер, ғылым тарихында аса көрнекті орын алады.



**НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**

